

## Бородулиха ауданы Андреевка ауылдық округі Михайличенково ауылында көшениң қайта атап туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Андреевка ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 мамырда № 5940 болып тіркелді

**Р К А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабының 2 - тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14 - бабының 4) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 29 қарашадағы қорытындысына сәйкес және халықтың пікірін ескере отырып, Андреевка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бородулиха ауданы Андреевка ауылдық округінің Михайличенково ауылындағы көшесі:

1) "Колхозная" көшесі – "Еңбекші" көшесіне қайта аталсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Андреевка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Бородулиха ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберу;

4) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Бородулиха ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК